

5. Gromyko YU.V., Rubtsov V.V., Margolis A.A. *Škola kak ekosistema razvivayuušihsysya detsko-vzroslyh soobčestv: deyatelnostnyi podhod k proektirovaniyu školy buduušego* //Kulturno-istoricheskaya psihologiya. – 2020. – T. 16. – №. 1. – S. 57-67.
6. Nikitina I.V., Holmogorova A.B. *Sotsialnaya trevojnost: sodержanie ponyatiya i osnovnye napravleniya izucheniya. Chast 1* //Sotsialnaya i klinicheskaya psihiatriya. – 2010. – T. 20. – №. 1. – S. 80-85.
7. Elmira U., Nikolaevna R.N., Izmagambetova R., Gennadiyevna S.S., Kulzhanovna Y.A. *Opportunities of innovator technologies in the educational process. World Journal on Educational Technology: Current Issues* [this link is disabled](#), 2022, 14(5), pp. 1602-1611
8. Erjanova Š.A. *Mektep oquşylaryn äleumettendiru üderisi* //Sborniki konferentsii NITS Sotsiosfera. – Vedecko vydavatel'ske centrum Sociosfera-CZ sro, 2020. – №. 31. – S. 16-17.
9. Turalbaeva A.T. *Janartylğan bilim mazmūny boiynşa bastauyşta oqytudyn ädistemelik erekşelikteri: Ädist. qūral «ÖRLEU» BAŪO» AQ - Almaty, 2017. - 112 b.*
10. *Qazaqşa-oryşsa jäne oryşsa-qazaqşa pedagogikalıq sözdik = Kazahsko-russkii i russko-kazahskii pedagogicheskii slovar [Tekst] = Kazahsko-russkii i russko-kazahskii pedagogicheskii slovar / [Qūrastyrğan Q.E.Tileşova]. - Astana:Zerde, 2007. - 166, [2] s.; 19 sm.; ISBN 9965-472-55-6*
11. Hmel N.D. *Pedagogicheskii protsess v obıçobrazovatelnoi škole. – Alma-Ata: «Mektep», 1984. –134 s.*
12. *Äleumettik psihologiyalyq qyzmettiñ negizderi: oku qūraly/Äbeuova İ.A.-Almaty:«Otan» baspasy,2022. – 366 b.*
13. Aleksandrova E.S. *Pedagogicheskoe proektirovanie kak sredstvo tselostnogo soglasovaniya v vzaimodeistvii sub'ektov obrazovatelnoy üderisa- SPb., 2006.*
14. Volkova V.N. *i dr. Modelirovanie sistem i protsessov. – 2015.*

МРНТИ 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.87.3.034>

З.А.Мовкебаева,<sup>1</sup>  А.С.Рахышова<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЙЫ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ

Аңдатпа

Мақалада зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларына арналған арнайы мектеп жағдайында кәсіби бағдар беру мәселесі жан-жақты және кешенді түрде қарастырылады. Эмпирикалық зерттеу нәтижелері негізінде аталған санаттағы оқушылардың кәсіптік қызығушылықтары, еңбекке деген мотивация деңгейі және кәсіби бейімделу көрсеткіштері талданады. Зерттеу барысында оқушылардың еңбекке және кәсіби қызметке деген көзқарастары, өзін-өзі болашақ маман ретінде тану деңгейі, сондай-ақ еңбек нарығындағы мүмкіндіктері мен шектеулері жүйелі түрде қарастырылған. Кәсіби бағдар беру үдерісінде арнайы педагогтар мен әлеуметтік серіктестердің (ата-аналар, жұмыс берушілер, психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары) ынтымақтастығының маңыздылығы айқындалды. Бұл серіктестік оқушылардың тұлғалық және кәсіби әлеуетін тиімді ашуға, олардың әлеуметтік бейімделу және еңбек нарығына интеграциялану мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған. Мақалада кәсіби бағдар беру жұмысының ұйымдастырылу ерекшеліктері, әдіс-тәсілдері мен педагогикалық шарттары сипатталды.

Эмпирикалық деректерге сүйене отырып, кәсіби бағдар беру жүйесінің тиімді моделін әзірлеуге арналған ұсыныстар ұсынылған. Бұл ұсыныстар оқушылардың тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби дамуын қолдауға, олардың болашақта еңбек нарығына табысты енуін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, арнайы білім беру мекемелерінде кәсіби бағдар беру қызметін жүйелі және кешенді түрде ұйымдастырудың практикалық тәсілдері ұсынылады. Мақала зияты зақымдалған оқушылардың кәсіби бағдар беру үдерісін жетілдіруге, олардың еңбекке және қоғамға бейімделуін қамтамасыз етуге арналған ғылыми-тәжірибелік негіздеме болып табылады.

**Түйін сөздер:** зияты зақымдалған оқушылар, кәсіби бағдар, арнайы білім беру, еңбекке баулу, әлеуметтік бейімделу.

Мовкебаева З.А., <sup>1</sup> Рахышова А.С. <sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Казакский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казакстан

## ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ОРИЕНТАЦИЯ СТАРШЕКЛАССНИКОВ С НАРУШЕНИЯМИ ИНТЕЛЛЕКТА В УСЛОВИЯХ СПЕЦИАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

### Аннотация

Статья посвящена исследованию проблем профессиональной ориентации старшеклассников с интеллектуальными нарушениями в условиях специальной школы. Целью работы является определение уровня профессиональных интересов, трудовой мотивации и степени профессиональной адаптации учащихся данной категории на основе эмпирических данных. В исследовании использовались методы анкетирования, наблюдения и психологической диагностики. Полученные результаты позволили выявить особенности восприятия учащимися трудовой деятельности, их представления о будущей профессии, а также влияние внешней среды на формирование профессионального самоопределения. Особое внимание уделено значению взаимодействия между специальными педагогами, родителями, потенциальными работодателями и специалистами в области психолого-педагогического сопровождения. Представлены эффективные педагогические условия и подходы к организации системы профессиональной ориентации. Разработаны рекомендации по созданию модели профориентационной работы, направленной на социальную адаптацию и личностное развитие старшеклассников с особыми образовательными потребностями. Практическая значимость исследования заключается в возможности применения полученных данных для совершенствования профориентационной работы в учреждениях специального образования.

**Ключевые слова:** учащиеся с интеллектуальными нарушениями; профессиональная ориентация; специальное образование; трудовая мотивация; социальная адаптация.

Movkebayeva Z., <sup>1</sup> Rakhysheva A. <sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## CAREER GUIDANCE FOR SENIOR STUDENTS WITH INTELLECTUAL DISABILITIES IN SPECIAL SCHOOL CONDITIONS

### Abstract

This article explores the issues of vocational guidance for high school students with intellectual disabilities in the context of special (correctional) schools. The aim of the study is to identify the level of professional interests, work motivation, and degree of vocational adaptation among students in this category based on empirical data. The research employed methods such as questionnaires, observation, and psychological diagnostics. The results revealed specific features of how students perceive work activities, their understanding of future professions, and the influence of external factors on the process of professional self-determination. Particular attention is paid to the importance of collaboration among special education teachers, parents, potential employers, and psychological-pedagogical support specialists. The article presents effective pedagogical conditions and approaches for organizing vocational guidance systems. Recommendations are proposed for the development of a vocational guidance model aimed at the social adaptation and personal development of high school students with special educational needs. The practical significance of the study lies in the applicability of the findings to improve career guidance practices in special education institutions.

**Keywords:** students with intellectual disabilities; vocational guidance; special education; work motivation; social adaptation.

**Кіріспе.** Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінің басты мақсаты – әрбір оқушының әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік беру. Бұл, әсіресе, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қатысты өзекті болып отыр. Зияты зақымдалған оқушылардың оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда олардың жеке ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін және әлеуметтік бейімделу мүмкіндіктерін ескеру аса маңызды. Осындай оқушылардың болашақта өз орнын табуы, қоғамға бейімделуі мен еңбек етуге қабілетті азамат болып қалыптасуы – кәсіби бағдар беру жұмыстарының тиімділігіне тікелей байланысты.

Арнайы мектеп жағдайында кәсіби бағдар беру – тек мамандық таңдауға көмектесу ғана емес, бұл – оқушының өз қызығушылықтарын танып, қабілеттерін дамытуына жағдай жасау, еңбекке баулу арқылы олардың өмірге дайындығын арттыру процесі. Бұл үрдіс педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік қолдауды қажет етеді[1].

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту стратегиясы аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауға бағытталған түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Дегенмен, зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларына арналған кәсіби бағдар беру жүйесін жетілдіру – шешімін таппаған мәселелердің бірі болып отыр. Осы мақалада аталған бағыттағы жұмыстың маңыздылығы, оны ұйымдастырудың тиімді жолдары мен эмпирикалық зерттеу нәтижелері негізінде ұсыныстар қарастыратын боламыз.

Қазіргі кезеңде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды, соның ішінде зияты зақымдалған оқушыларды әлеуметтік ортаға бейімдеу мен болашақ кәсіби өмірге дайындау – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Г.М.Коржова пікірінше (1989) зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушылары көп жағдайда болашақ кәсібін саналы түрде таңдай алмайды, олардың еңбекке деген көзқарасы мен мотивациясы төмен болуы мүмкін [2]. Бұл олардың когнитивтік мүмкіндіктері мен әлеуметтік ортадан шектелуімен байланысты. Осыған орай, кәсіби бағдар беру жұмыстары олардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына негізделген, жүйелі әрі бағытталған сипатта жүргізілуі тиіс.

Қазақстанда арнайы білім беру саласында түрлі реформалар жүзеге асырылып жатса да, кәсіби бағдар беру үдерісі әлі де болса жеткілікті дәрежеде жолға қойылмаған. Әсіресе, зияты зақымдалған оқушылардың әлеуетін ескеретін, оларға бейімделген кәсіби бағыт-бағдар беру құралдары мен әдістері жетіспейді.

Сондықтан да, арнайы мектеп жағдайында жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмысын ғылыми негізде талдау, тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау және тәжірибелік ұсыныстар беру – бұл зерттеудің өзектілігін арттыра түседі.

Зияты зақымдалған оқушылардың кәсіби бағдар алуы олардың өмір сапасын арттырудың, еңбекке жарамды болудың маңызды факторы болып табылады. Мақсаты – оқушыларды еңбек нарығына дайындау, еңбекке деген қызығушылығын арттыру, болашақта өз бетінше өмір сүру дағдыларын қалыптастыру. Сонымен қатар, кәсіби бағдарлау оқушылардың өзін-өзі бағалауын көтеріп, қоғамдағы әлеуметтік интеграцияға ықпал етеді.

Зияты зақымдалған оқушылардың қабілеті мен физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, кәсіби бағдар беру арнайы бағытталған. Оларға практикалық, қол еңбегіне негізделген, қарапайым әрі қолжетімді мамандықтар ұсынылады. Мысалы, аспаз көмекшісі, тігінші көмекшісі, шаштараз көмекшісі, сатушы көмекшісі, құрылыс көмекшісі, ауыл шаруашылығының қарапайым түрлері және т.б. Мамандар оқушыларға осы бағыттар бойынша тәжірибелік сабақтар өткізіп, кәсіби дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Арнайы мектепте кәсіби бағдар беру жүйелі түрде жоспарланады. Оқушылардың қабілеті мен қызығушылығын анықтау мақсатында психологиялық және педагогикалық диагностика жүргізіледі. Сонымен қатар, оқушыларды практикалық жұмысқа бейімдеу үшін шеберханалық сабақтар, экскурсиялар, тәжірибелік практика ұйымдастырылады. Психологтар, арнайы педагогтар, әлеуметтік педагогтар оқушыларға жан-жақты қолдау көрсетеді. Бұл жұмыстар оқушылардың кәсіби бағдарлауда табысты болуына септігін тигізеді. Зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларына арнайы мектеп жағдайында кәсіби бағдар беру – олардың болашақ өмірі мен еңбекке бейімделуінің маңызды кезеңі.

Зияты зақымдалған оқушылардың кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ету мәселесі – арнайы педагогика ғылымының маңызды бағыттарының бірі. Зерттеуші Л.С.Выготскийдің (1969) әлеуметтік даму теориясы бойынша, баланың дамуында әлеуметтік орта мен қарым-қатынас шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды кәсіпке бағыттау барысында олардың әлеуметтенуіне жағдай жасау басты міндеттердің бірі ретінде қарастырылады.

Отандық ғалымдар – Г.М.Коржова (1989), А.А.Айдарбекова (2016), А.Д.Сейсенова (2018) [3] еңбектерінде арнайы білім беру жағдайындағы кәсіби бағдар беру үрдісінің мазмұны, мақсат-міндеттері және оны ұйымдастырудың тиімді жолдары қарастырылған. Олар оқушылардың

жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын ескере отырып, кәсіптік бейімделуін дамытуға бағытталған бағдарламалар құрудың маңыздылығын атап өтеді.

Ресейлік зерттеуші Л.Г.Парамонова мен Н.А.Лопухинаның (2005) еңбектерінде зияты зақымдалған оқушылармен жүргізілетін кәсіби бағдарлау жұмыстарының кезеңдері, әдістері мен ұйымдастыру формалары нақты сипатталған.[4] Авторлар бұл үдерісте еңбекке баулу пәні, шеберхана сабақтары, экскурсиялар, ойын элементтері арқылы жүзеге асырылатын әрекеттерді тиімді деп санайды.

Шетелдік тәжірибеде (мысалы, Финляндия, Германия, Жапония) арнайы білім беру шеңберінде кәсіптік дайындыққа баса назар аударылады. Онда оқушылар оқу барысында нақты кәсіпорындарда тәжірибеден өтеді, бұл олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттырады. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру мектеп пен жұмыс берушілер арасындағы тығыз байланыс арқылы жүзеге асырылады.

Зияты зақымдалған жоғары сынып оқушыларының кәсіби алдын ала даярлығы – олардың ересек өмірге сәтті бейімделуі мен мағыналы жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Тиімді даярлық бағдарламалары кәсіби білім беруге, мамандықтарды зерттеуге және тұлғалық дамуға бағытталады, бұл жеке қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді ескеретін кешенді тәсілді қамтамасыз етеді.

Дегенмен, көптеген зерттеулерде зияты зақымдалған оқушылар үшін кәсіби бағдар берудің мазмұны мен әдістемесі толық зерттелмеген. Сондай-ақ, бұл салада эмпирикалық зерттеулердің жеткіліксіздігі де байқалады. Осы орайда, қазіргі таңдағы арнайы мектеп жағдайында кәсіби бағдар берудің тиімділігін арттыру үшін кешенді, тәжірибеге негізделген әдістер қажет.

Зерттеулер көрсеткендей, ерте жұмыс тәжірибесі зияты зақымдалған оқушылардың болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады. Оқушылардың белсенді қатысуын көздейтін және жекелендірілген қолдау құрылымдарын ұсынатын бағдарламалар интеграцияланған жұмыспен қамту нәтижелерін жақсартуға көмектеседі (Baer et al., 2021).[5] Голландияның кәсіби тұлға теориясы (Holland Theory of Career Personality) зияты зақымдалған оқушылардың кәсіби әлеуетін анықтауда пайдалы негіз бола алады, өйткені ол кәсіби даярлықты жеке қызығушылықтар мен қабілеттермен үйлестірудің маңыздылығын көрсетеді. Бұл тәсіл түлектердің оқу жетістіктерін жақсартып, еңбек нарығындағы мүмкіндіктерін арттырады (Hartati, Hermanto, 2024) [6].

Білім беру мекемелері мен жұмыс орындарының өзара ынтымақтастығы өте маңызды. Мықты серіктестік орнату оқушыларға қоғамның сұранысына және жұмыс орнындағы талаптарға сәйкес келетін дағдыларды игеруге көмектеседі. Бұл өз кезегінде олардың дербестігін дамытып қана қоймай, зияты зақымдалған оқушылардың кең қоғамдастыққа интеграциялануына ықпал етеді. Сонымен қатар, кәсіби даярлау бағдарламаларына құрдастардың менторлығы элементін қосу оқушыларға өздерінің оқу тәжірибелерін басқаруға мүмкіндік беріп, олардың дербестігін арттырады (Fisher, 2021) [7].

Кәсіби даярлықтың маңызды құрамдас бөлігі – әрбір оқушының жеке оқу ерекшеліктеріне сәйкес бейімделген жекелендірілген білім беру бағдарламаларын (IEP) енгізу. Бұл бағдарламалар орта білімнен кейінгі білім беру мен жұмыспен қамту саласында қажетті академиялық және функционалдық дағдыларды дамытуға бағытталуы тиіс. Мысалы, оқушылардың қабілеттерін бағалайтын кәсіби бағалау құралдарын қолдану мұғалімдерге олардың жұмысқа дайындық деңгейіне сәйкес келетін мақсатты оқытуды ұйымдастыруға көмектеседі (Neubert, Moon, 2006; Phelps, Mccarty, 1984) [8,9]. Зерттеулер көрсеткендей, қатаң әрі мамандандырылған даярлықтан өткен оқушылар колледжде жақсы бейімделіп, орта мектептен жоғары білімге көшу кезеңін жеңіл еңсереді (Parau, Griffin, 2013)[10].

Академиялық білім берумен қатар, қоғамдық негіздегі жұмыс тәжірибелері зияты зақымдалған жеткіншектер үшін аса маңызды. Мұндай бағдарламалар шынайы өмірлік контексте дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді, оқушыларға еңбек нарығы мен өздерінің кәсіби қызығушылықтарын жақсырақ түсінуге көмектеседі (Carter et al., 2009)[11]. Керісінше, тек дәстүрлі академиялық жетістіктерге баса назар аудару көбінесе бұл оқушылар үшін күнделікті

өмірде және дербес өмір сүруде қажетті практикалық дағдыларды елеусіз қалдыруы мүмкін (Frimpong, Kwakye, 2021) [12].

Кәсіби даярлықтың инклюзивті болуы аса маңызды. Академиялық және әлеуметтік аспектілерді қамтитын бағдарламалар кешенді даму үлгісін қалыптастырады. Оқушылар, педагогтер және қоғам өкілдері арасындағы өзара әрекеттестікті ынталандыру арқылы бұл бағдарламалар тек кәсіби дағдыларды дамытып қана қоймай, сонымен қатар жұмыс орнында қажетті жұмсақ дағдыларды (soft skills) қалыптастырады. Бағдарламаға өзін-өзі күту дағдыларын үйретуді енгізу де маңызды, өйткені бұл зияты зақымдалған оқушылардың дербестігін дамытуға ықпал етіп, олардың өмір сүру сапасына оң әсер етеді (Marliana, Supriyadi, 2021; Maryanti, 2021)[13,14,15,16].

*Негізгі ережелер.* Қазақстан Республикасында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуетін ашуға және оларды еңбек нарығына бейімдеуге бағытталған жүйелі шараларды іске асырудың маңыздылығы атап өтілген. Осы тұжырымға сәйкес зерттеудің негізгі ережелері зияты зақымдалған жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар берудің педагогикалық шарттарын талдау мен тиімді моделін ұсынуға келесі ғылыми-педагогикалық тәсілдерге сүйенеді:

Жүйелік тәсіл – кәсіби бағдар берудің тұтас педагогикалық үдерісін ұйымдастыруды, оқушының жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын және әлеуметтену мүмкіндіктерін ескере отырып, мектеп, ата-ана және әлеуметтік серіктестер арасындағы құрылымдық-функционалдық байланыстарды қамтамасыз етеді.

Тұлғалық-бағдарлы тәсіл – зияты зақымдалған оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруді, олардың кәсіби қызығушылықтарын ашуды және кәсіби өзін-өзі анықтауына қолдау көрсетуді көздейді.

Мәдениеттанымдық тәсіл – кәсіби бағдар мазмұнына ұлттық еңбек дәстүрлерін, әлеуметтік құндылықтарды және мәдени феномендерді кіріктіру арқылы оқушыларды қоғамға бейімдеуге ықпал етеді.

Әлеуметтік серіктестік тәсілі – мектеп пен өндіріс ұйымдары, жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз етіп, оқушылардың нақты еңбек жағдайында тәжірибеден өтуіне жағдай жасайды.

Инклюзивті тәсіл – кәсіби бағдар беру үдерісінде әрбір оқушының мүмкіндіктерін ескеретін жекелендірілген білім беру бағдарламаларын қолдануды, сонымен бірге әлеуметтік интеграцияны нығайтуды қамтамасыз етеді.

Вагг және әріптестерінің (2021), Carter (2009), Fisher (2021) еңбектерінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ерте еңбек тәжірибесін ұйымдастыру мен әлеуметтік қолдау көрсету кәсіби интеграцияға ықпал ететіні атап өтілген. Бұл зерттеулер біздің жұмысымыздың теориялық негізін толықтыра отырып, кәсіби бағдар беру моделін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру – олардың болашақта қоғамға бейімделуі мен табысты әлеуметтік интеграциясының негізгі факторы болып табылады.

Кәсіби бағдар берудің тиімділігі оқушылардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын ескеруге, сондай-ақ педагогтар, ата-аналар және әлеуметтік серіктестер арасындағы жүйелі ынтымақтастыққа байланысты.

Арнайы мектеп жағдайында кәсіби бағдар жұмыстары практикалық-бағытталған түрде (шеберханалық сабақтар, өндірістік тәжірибе, кәсіпорындарға экскурсиялар, менторлық қолдау) ұйымдастырылғанда оқушылардың кәсіби дағдылары табысты қалыптасады.

Жеке оқыту ерекшеліктерін ескеретін бейімделген әдістер мен жекелендірілген білім беру бағдарламаларын енгізу оқушылардың кәсіби әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Эмпирикалық зерттеу нәтижелері зияты зақымдалған оқушылардың басым көпшілігі қолөнерге, тігіншілікке, аспаздыққа және қарапайым техникалық мамандықтарға қызығушылық танытатынын, ал ата-аналардың қолдауы кәсіби бағдарлануда шешуші рөл атқаратынын көрсетті.

Арнайы мектеп жағдайында кәсіби бағдар берудің ұсынылған моделі оқушылардың кәсіби мотивациясын арттыруға, еңбек нарығына бейімделуін жеңілдетуге және дербес өмір сүру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының кәсіби бағдарлануына ықпал ететін педагогикалық шарттар, әдіс-тәсілдер және әлеуметтік серіктестік формалары.

Зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларына кәсіби бағдар берудің мазмұны мен тиімділігін ғылыми тұрғыдан талдау, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеретін кәсіби бағдар беру моделін ұсыну.

*Зерттеу міндеттері:*

- Зияты зақымдалған оқушыларға кәсіби бағдар берудің теориялық негіздерін талдау (отандық және шетелдік тәжірибені қарастыру).

- Арнайы мектеп жағдайында кәсіби бағдар берудің мазмұны мен ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттау.

- Зияты зақымдалған оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен мотивация деңгейін эмпирикалық деректер негізінде анықтау.

- Ата-аналардың кәсіби бағдарлау процесіндегі рөлін айқындау.

- Арнайы мектеп жағдайында кәсіби бағдар беру жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған педагогикалық шарттар мен әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Егер арнайы мектеп жағдайында зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстары олардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес жүргізілсе, ата-аналар мен әлеуметтік серіктестердің қолдауы жүйелі ұйымдастырылса, онда оқушылардың еңбекке деген ынтасы артып, кәсіби өзін-өзі анықтау деңгейі жоғарылайды, бұл олардың қоғамға бейімделуіне және табысты әлеуметтік интеграциясына ықпал етеді.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеудің әдіснамалық негіздерін арнайы педагогика мен психология саласындағы іргелі қағидалар мен теориялар құрады.

Теориялық деңгей: Л.С.Выготскийдің әлеуметтік дамудың мәдени-тарихи теориясы. Бұл теорияға сәйкес, баланың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың дамуы әлеуметтік ортамен, оқытумен және өзара әрекеттесумен тығыз байланысты. Бұл қағида оқушыларды әлеуметтендіру мен еңбекке бейімдеудің маңыздылығын түсіну үшін негізгі болып табылады.

Дж.Голландтың кәсіби таңдау теориясы (Holland's Theory of Career Personality). Бұл теория жұмыстың диагностикалық бөлігіне негіз болып, оқушылардың тұлғалық типтерін оларға сәйкес келетін кәсіби қызмет түрлерімен байланыстыруға негізделген кәсіптік бағдар беру жұмысын құруға мүмкіндік берді.

Ғылыми-теориялық негіздері:

Арнайы білім беру және зияты зақымдалған тұлғаларға кәсіптік бағдар беру саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың (Г.М.Коржова, А.А.Айдарбекова, Л.Г.Парамонова, Н.А.Лопухина және т.б.) зерттеулері қазіргі жағдайды талдау және практикалық ұсыныстар әзірлеу үшін ғылыми база болды.

Осылайша, аталған теориялар мен тәсілдерді кешенді қолдану қарастырылып отырған мәселені жан-жақты зерттеуге және оны шешудің тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу жұмысы 2025 жылы Алматы облысы Қарасай ауданы, Қаскелең қаласындағы «№3 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілді. Зерттеу тобына 9-10 сыныпта оқитын 34 зияты зақымдалған оқушы мен олардың ата-аналары қатысты.

*Қолданылған әдістер:*

- Сауалнама (оқушылардың кәсіби білім алу деңгейін анықтау және ата-аналардан оқушылардың кәсіптік қызығушылықтарын анықтау);

- Бақылау (еңбекке баулу сабағында);

- Диагностикалық әдістер (мысалы, Голландтың кәсіби типологиясы бейімделген түрде).

Бұл зерттеу сипаттамалы-сараптамалық дизайнға негізделген. Зерттеудің мақсаты – зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының кәсіби бағдарлануының ағымдағы жағдайын, олардың қызығушылықтарын, мотивациясын және осы үдеріске ата-аналардың қатысу деңгейін анықтау. Педагогикалық эксперименттің анықтаушы кезеңі аясында сандық деректер жинау үшін сауалнама әдісі қолданылды. Педагогикалық эксперименттің анықтаушы кезеңінде зияты жеңіл зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының кәсіби бағдарлануына ата-аналардың көзқарасын, белсенділігін және қолдау деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама арнайы мектепте білім алып жүрген 9-10 сынып оқушыларының ата-аналары арасында ұйымдастырылды. Барлығы 34 ата-ана сауалнамаға қатысып, кәсіби бағдар беру процесіне деген пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

Зерттеуге Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласындағы «№3 облыстық арнайы мектеп-интернаты» КММ-нің 9-10 сыныптарында білім алатын, «зияты жеңіл зақымдалған» диагнозы бар оқушылар мен олардың ата-аналары (немесе заңды өкілдері) қатысты. Зерттеудің екі тобы қалыптастырылды:

Ата-аналар тобы (N=34): 9-10 сынып оқушыларының барлық ата-аналары қамтылды. Олардың барлығы зерттеуге қатысуға өз еріктерімен жазбаша келісім берді.

Оқушылар тобы (N=15): Ата-аналары келісім берген оқушылардың ішінен зерттеуге қатысуға ниет білдірген 15 оқушыдан тұратын мақсатты топ іріктеліп алынды. Бұл топ жалпы популяцияның негізгі сипаттамаларын көрсетуге мүмкіндік берді.

Сауалнама сұрақтары ата-аналардың балаларының болашақ мамандығына қатысты көзқарасын, кәсіби қызығушылықтарын байқау мүмкіндігін, еңбекке баулу барысындағы мектеппен байланысын, сондай-ақ мектептің кәсіби бағдар жұмыстарының тиімділігіне деген бағасын анықтауға бағытталды.

**Нәтижелер мен талқылау.** Зерттеуде екі негізгі психодиагностикалық құрал қолданылды:

Авторлық сауалнама: Ата-аналар мен оқушыларға арналған екі бөлек сауалнама әзірленді.

Ата-аналарға арналған сауалнама 25 сұрақтан тұрып, үш негізгі блокты қамтыды: (а) баланың жалпы қызығушылықтары мен бейімділіктері; (ә) болашақ мамандықты таңдауға қатысты ойлары мен үміттері; (б) мектептегі кәсіби бағдар беру жұмыстарының тиімділігін бағалау және оған қатысу деңгейі.

Оқушыларға арналған сауалнама 11 сұрақтан құралып, олардың кәсіби қызығушылықтарын, еңбекке деген мотивациясын, мамандық таңдаудағы басымдықтарын (жеке таңдау немесе ата-ана ықпалы) және жұмыстың маңыздылығы туралы түсініктерін анықтауға бағытталды.

Дж. Голландтың кәсіби тұлға типтері сауалнамасының бейімделген нұсқасы:

Оқушылардың кәсіби бейімділіктерін анықтау үшін Голланд теориясының негізгі алты типіне (Реалистік, Зерттеушілік, Әртістік, Әлеуметтік, Кәсіпкерлік, Конвенционалды) сәйкес келетін мамандықтарды бағалауға мүмкіндік беретін әдістеменің бейімделген нұсқасы пайдаланылды. Бейімдеу барысында сұрақтардың тұжырымдамасы жеңілдетіліп, зияты зақымдалған оқушылардың танымдық ерекшеліктеріне сәйкес визуалды стимулдар (мамандықтарды бейнелейтін суреттер) қосылды.

Деректерді талдау әдістері. Зерттеуге қатысқан 34 ата-ананың жауаптары негізінде балалардың кәсіби қызығушылықтары мен ата-аналардың осы үдеріске көзқарасы туралы деректер жинақталды (1-кесте).

Кесте 1– Ата-аналардан алынған сауалнама сұрақтары және жауаптары

Сауалнама сұрақтары	Жауаптар	Саны	%
Балаңыздың қызығушылықтары туралы айтып беріңізші. Ол немен айналысқанды ұнатады?	Қолөнер (тігін, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу):	11	32%
	Спорт:	5	14%
	Техникаға қызығушылық:	3	8%
	Шығармашылық (ән, би, видео):	3	8%
	Үй шаруасы/Көмектесу:	5	14%

	Интеллектуалды істер (шахмат, есеп):	2	5%
	Басқалары (интернет, табиғат, т.б.):	5	14%
Балаңыз бос уақытында немен айналысқанды жақсы көреді? (Кітап оқу, құрастырумен айналысу, тамақ дайындау, тігу, сурет салу т.б.)	Қолөнер/Шығармашылық (тігу, құрастыру, сурет, мүсін, ән):	22	64%
	Тамақ дайындау: ~10-15%	5	14%
	Спорт (футбол):	2	5%
	Оқу (кітап, интернет):	3	8%
	Үй шаруасы/Көмектесу т.б:	2	5%
Сіздің балаңыз бос уақытын жалғыз өткізгенді жақсы көре ме, әлде достарымен ме? Сыныптастарымен бе, ересектермен бе?	Достарымен/Сыныптастарымен:	22	64%
	Жалғыз:	6	17%
	Ересектермен/Жақындарымен/Отбасымен:	3	8%
	Аралас (жалғыз әрі достарымен):	2	5%
	Көпшілікпен:	1	3%
Балаңызға қай мектеп пәндері ең қатты ұнайды?	Математика:	9	26%
	Еңбек:	7	20%
	Тарих:	5	14%
	Қазақ тілі:	4	11%
	Дене шынықтыру:	4	11%
	Сурет:	4	11%
	Барлығы ұнайды:	1	3%
Қай пәндер балаңызға ұнамайды немесе қиындық тудырады?	Математика:	16	47%
	Орыс тілі:	4	11%
	Ағылшын:	5	14%
	Жазу:	3	8%
	Басқа пәндер (Қазақ тілі, География, Биология, Алгебра, Дене шынықтыру):	2	5%
	Барлық пәндер ұнайды (қиындық жоқ):	4	11%
Мектепті бітірген соң балаңыз не істемекші?	Колледжге түсу:	14	41%
	Жоғары оқу орнына/ Оқуды жалғастыру:	7	20%
	Әлі шешпеген/Ойлануда/Белгісіз:	4	11%
	Жұмыс істеу:	3	8%
	Үйде болу:	3	8%
	Басқалары (қосымша орталық, өмірге бейімделу):	2	5%
	Өз таңдауы:	1	3%
Балаңыз мектептен кейін бірден колледжге түсіп, мамандық алғысы келе ме?	Иә	31	91%
	Жоқ:	3	8%
Ол қандай мамандықты таңдамақшы?	Тігіншілік:	8	23%
	Аспазшы:	4	11%
	IT маман/Программист:	4	11%
	Дене шынықтыру мұғалімі:	2	5%
	Құрылысшы:	4	5-10%
	Басқа мамандықтар әрқайсысы (Автомеханик, Дизайнер, Мүсінші, Тарихшы, Шаштараз, Сақшы, Жүргізуші, Электрик, Пилот, Қолөнерші, Мұғалім, Ағаш өңдеуші, Бағбан, Жиһазшы, Шығармашылық мамандық, Өнші):	4	11%
	Әлі білмейді/Белгісіз/Өз таңдауы:	8	23%
Ал сіз балаңыз үшін қандай мамандықты таңдайсыз?	Баланың таңдауымен келісемін/Өз қалауына қалдырамын:	9	26%

	Тігіншілік:	7	20%
	IT маман/Программист:	5	14%
	Аспазшы:	4	11%
	Қолөнерші:	3	8%
	Басқа мамандықтар (Дизайнер, Көлік жөндеуші, Тарихшы, Биолог, Өнер маманы, Жүргізуші, Етікші, Мұғалім, Жиһазшы, Құрылысшы, Дене шынықтыру маманы, Шығармашылық мамандық, Өнші): әрқайсысы	5	14%
Балаңыздың мамандық таңдауымен келісесіз бе?	Иә/Әрине/Келісемін:	34	100%
Мектепте балаңыз таңдаған мамандық туралы кәсіби бағдар беру жиналыстарында айтылды ма?	Иә/Әрине:	31	91%
	Жоқ:	3	8%
Колледжде оқыған кезде балаңызды қолдауға дайынсыз ба? Сіздің ойыңызша, балаңыз таңдаған мамандық өмірде қажет бола ма?	Иә/Әрине:	34	100%
	Иә/Әрине/Қажет болады:	34	100%
Балаңыздың мамандық таңдауы туралы хабардарсыз ба? Сіз оған қалай қарайсыз?	Иә/Қолдаймын/Жақсы қараймын:	33	97%
	Білмеймін:	1	3%
Мұғалімдер балаңыздың мамандық таңдауы туралы сізге айтты ма?	Иә айтты:	23	67%
	Жоқ:	11	32%
Балаңыз таңдаған мамандық қоғамға пайдалы болса дейсіз бе?	Иә/Әрине:	33	97%
	Білмеймін:	1	3%
Балаңыздың жеке қасиеттерін біле отырып, ол жалғыз жұмыс істегенді жөн көреді деп ойлайсыз ба, әлде командада ма?	Топпен жұмыс:	20	58%
	Жеке жұмыс:	14	41%
Балаңыз қай жерде, қандай қызметте жұмыс істесе дейсіз?	Көбінесе баласы таңдаған мамандық бойынша жұмыс істегенін қалайды.	34	100%
Балаңыз үйде өз қабілеттерін көрсетіп жүр ме? Мысалы, тамақ дайындау, құрастыру, тігу, мүсіндеу сияқты?	Иә/Тігін тігеді/Мүсіндеу/Тамақ дайындау/Сурет салу:	31	91%
	Жоқ/Байқамадым:	3	8%
Сіздің балаңызды дәл осы мамандықты таңдауға мектепте жеткілікті түрде дайындады деп ойлайсыз ба?	Иә:	24	70%
	Жоқ:	7	20%
	Білмедім:	3	8%
Балаңыздың мамандығы оған ғана емес, айналасындағы адамдарға да қуаныш әкеліп, тек ақша ғана емес, рухани ләззат та сыйлағанын қалайсыз ба?	Иә/Әрине:	34	100%
Сіздің ойыңызша, балаңыздың жұмысында қандай қиындықтар туындауы мүмкін?	Білмеймін:	7	20%
	Тіл табыса алмау/ т.б.:	23	67%
	Ешқандай:	4	11%
Балаңыздың барлық қиындықтарын жеңуге көмектесе аласыз ба?	Иә/ Қолдан келгенше:	32	94%
	Жоқ/ Тырысамын:	2	5%
Балаңыз оқудағы қиындықтарға байланысты оқудан бас тартса, не істер едіңіз?	Қолдау көрсетемін, көмектесемін:	14	41%
	Уақытында көреміз:	3	8%
	Бас тартпайды деп ойлаймын:	7	20%

Сауалнама нәтижелері бойынша ата-аналардың басым бөлігі баласының болашақта белгілі бір кәсіп иесі болғанын қалайды. Сонымен қатар, көпшілігі баласының қай салаға бейімдігін нақты анықтай алмаған. Мектепте кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілетінінен ата-аналар хабардар болғанымен, бұл үрдіске олардың қатысуы шектеулі. Балалардың еңбекке баулу пәніне қызығушылық танытатыны байқалғанымен, отбасында кәсіптік дағдыларды дамытуға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізілмейтіні анықталған.

Ата-аналардан алынған сауалнама нәтижелері балалардың кәсіби бағдарын қалыптастыруда олардың қызығушылықтары мен ата-аналардың қолдауы маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Балалардың басым бөлігі шығармашылық және қолданбалы бағыттар – қолөнер, тігін, тамақ дайындау, сурет салу сияқты істерге бейім. Бұл олардың болашақ мамандық таңдауына да әсер етіп отыр.

Зерттеу нәтижелерін сараптай келе, ата-аналардың едәуір бөлігі балаларының мектептен кейін колледжде білім алғанын қалайтыны анықталды. Ата-аналардың басым көпшілігі баласының мамандық таңдауы жөнінде хабардар екенін және бұл таңдауды қолдайтынын білдірді. Сонымен қатар, ата-аналардың белгілі бір үлесі мектеп мұғалімдерінен баласының кәсіби бағдарлануы жөнінде ақпарат алмағанын атап өтті.

Мектеп оқушыларының көпшілігі колледжге түсіп, нақты мамандық алуға ниетті. Танымал мамандықтар қатарында тігінші, аспазшы, IT маманы, құрылысшы сияқты өмірде қажетті және тәжірибеге негізделген кәсіптер бар. Бұл – қазіргі еңбек нарығы талаптарымен сәйкес келетін оң үрдіс.

Ата-аналар балалардың таңдауларына түсіністікпен қарап, қолдау көрсетуге дайын. Олардың көпшілігі мектептерде кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілгенін және бұл бағытта мұғалімдермен байланыс болғанын растаған. Сонымен қатар, балалар үйде де өз қызығушылықтарын жүзеге асырып, қабілеттерін көрсете алады.

Жалпы, ата-аналар кәсіби бағдар беру ісінің маңыздылығын түсінетінін, бірақ бұл бағытта мектеп пен ата-аналар арасында байланыс пен өзара іс-қимылдың әлсіз екенін көрсетті. Осыған орай, алдағы уақытта ата-аналарды кәсіби бағдарлау жұмыстарына белсенді тарту, ақпараттандыру және оқушылардың болашақ мамандықты таңдаудағы рөлін күшейту маңызды болып табылады.

Зияты зақымдалған оқушылардан алынған сауалнаманың негізгі мақсаты: оқушылардың кәсіби бағдарын анықтау және олардың болашақ мамандық таңдауына қатысты ой-пікірлерін, қызығушылықтарын, жоспарларын және оған әсер ететін факторларды зерттеу болып табылады.

Сауалнаманың алыну себептері:

- Кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіру: мектептерге немесе білім беру мекемелеріне оқушылардың қажеттіліктерін түсінуге және оларға тиімді кәсіби бағдар беру қызметтерін ұйымдастыруға көмектесу.

- Оқушыларға жеке кеңес беру: әр оқушының жеке қызығушылықтары мен жоспарларын білу арқылы оларға жеке бағыт-бағдар беру.

- Білім беру бағдарламаларын таңдауды жеңілдету: оқушылардың қандай салаларда білім алғысы келетінін анықтап, осы бағыттар бойынша ақпарат беру немесе бағдарламаларды ұсыну.

- Ата-аналармен және мұғалімдермен өзара әрекеттесу: оқушының мамандық таңдауындағы ата-ана мен мұғалімнің рөлін түсіну және олармен бірлесе жұмыс істеу.

- Оқушылардың болашаққа қатысты көзқарастарын зерттеу: олардың еңбекке, табысқа, жұмыстағы қанағатқа қатысты ойларын анықтау.

Кесте 2 – Зияты зақымдалған оқушылардан алынған сауалнама нәтижелері

№	Сұрақтар	Жауаптар	Саны	%
1	Қызығушылықтар	Қолөнер/Шығармашылық (тігін, құрастыру, сурет)	8	54%
		Спорт	2	13%
		Техникаға қызығушылық	1	7%
		Басқалары	4	26%
2	Бос уақытты кіммен өткізеді?	Достармен/Сыныптастармен	11	74%
		Жалғыз	3	20%
		Басқалары (Ересектермен, аралас)	1	6%
3	Бірден колледжге түскің келе ме?	Иә	13	87%
		Жоқ	2	13%

4	Қай мамандықты таңдағың келеді?	Тігіншілік	3	20%
		Қолөнер	2	13%
		Аспаз	2	13%
		Автоэлектрик/Механик/Сварщик	1	7%
		Басқа мамандықтар (әрқайсысы 1-2 оқушыдан)	5	34%
		Әлі шешпеген/Белгісіз	2	13%
5	Ата-ана таңдауымен келісесің бе, әлде өзіңе ұнайтының ба?	Өзіме ұнайтын мамандықты	11	74%
		Ата-ана таңдауымен келісемін	4	26%
6	Жалғыз ба, әлде командамен жұмыс істегенді қалайсың ба?	Командамен	10	67%
		Жалғыз	4	26%
		Екеуі де	1	7%
7	Таңдаған мамандығыңда табыс таба аласың ба?	Иә	13	87%
		Жоқ/Білмеймін	2	13%
8	Жоғары жалақы маңызды ма?	Иә	13	87%
		Жоқ	2	13%
9	Жұмысың қуаныш сыйлағанын қалайсың ба?	Иә	13	87%
		Жоқ	2	13%
10	Не үшін жұмыс істеу керек?	Күн көру/Өмір сүру/Ақша табу үшін	10	67%
		Қоғамға пайдалы болу үшін	2	13%
		Басқалары (Отбасын бағу, қажеттілік)	3	20%

Сауалнама нәтижелерін талдай келе, оқушылардың көпшілігі қол еңбегі түрлеріне, атап айтқанда ағаш өңдеу мен тағам дайындауға қызығушылық танытатыны байқалды. Көптеген оқушы болашақта жұмыс істеуге ниетті екенін білдірсе де, олардың көбісі нақты мамандықты атай алмады. Бұл жағдай кәсіби бағдарланудың терең жүргізілмегенін және негізгі себеп ретінде табыс табуға деген қажеттіліктің басым екенін көрсетеді.

Арнайы педагогтың пікірінше, жүйелі түрде жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмыстары оқушылардың еңбекке деген көзқарасын жақсартып, әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері зияты зақымдалған оқушылардың кәсіптік қызығушылықтарын дамыту олардың қоғамға бейімделуінің маңызды факторы екенін дәлелдейді. Алайда кәсіби бағдар беру жұмыстары бір реттік іс-шара ретінде емес, оқушының даму ерекшеліктерін ескеретін, жүйелі әрі кешенді түрде ұйымдастырылатын үрдіс болуы қажет.

Алынған нәтижелер зерттеудің теориялық негіздерімен үйлесіп, бірнеше маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Оқушылардың қолөнер мен практикалық бағыттағы мамандықтарға бейімділігі бұл саладағы ғалымдар Л.Г.Парамонова мен Н.А.Лопухинаның (2005) еңбекке баулу сабақтарының тиімділігі туралы тұжырымдарын растайды. Сонымен қатар, көптеген оқушының өз таңдауын бірінші орынға қоюы тұлғаға бағытталған тәсілдің маңыздылығын дәлелдейді. Бұл тәсіл зерттеудің әдіснамалық негіздерінің бірі болып табылады.

Зерттеу гипотезасының маңызды қыры – ата-аналар мен әлеуметтік серіктестер тарапынан жүйелі қолдаудың маңыздылығы. Жиналған мәліметтер ата-аналардың қолдау көрсетуге дайын екенін, алайда мектеппен өзара іс-қимылда олқылықтардың барын көрсетті. Кейбір ата-аналар кәсіби бағдар жұмыстары жөнінде хабардар еместігін білдірген. Мұндай ақпараттың жетіспеушілігі оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау деңгейін төмендетуі мүмкін, себебі Л.С. Выготскийдің теориясы бойынша тұлғаның қалыптасуында әлеуметтік ортаның рөлі шешуші болып табылады.

Демек, тиімді модель құру үшін тек оқушымен жұмыс істеп қана қоймай, мектеп-отбасы жұмыс беруші үшбұрышындағы байланысты нығайту қажет.

**Қорытынды.** Зияты зақымдалған жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру – олардың болашақта қоғамға бейімделіп, өмірлік бағыт-бағдарын дұрыс таңдауына ықпал ететін маңызды педагогикалық процесс. Арнайы мектеп жағдайында жүргізілетін кәсіби бағдар жұмыстары оқушылардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылғанда ғана нәтижелі болады.

Зерттеу барысында анықталғандай, кәсіби бағдар беру жүйелі, кезең-кезеңімен жүргізілетін және оқушылардың қызығушылықтарына, қабілеттеріне бейімделген болуы тиіс. Бұл бағытта педагогтардың, ата-аналардың және әлеуметтік серіктестердің өзара ынтымақтастығы ерекше маңызға ие.

Эмпирикалық деректер зияты зақымдалған оқушылардың еңбекке деген қызығушылығы мен мотивациясын дамыту мүмкін екенін көрсетті. Дұрыс ұйымдастырылған кәсіпке бағдарлау олардың өмірлік белсенділігін арттырып, болашақта әлеуметтік бейімделуіне жол ашады.

Осыған байланысты келесі ұсыныстарды айтуға болады:

- арнайы мектептерде кәсіби бағдар беру мазмұнын қайта қарау және бейімдеу;
- еңбекке баулу сабақтарын практикамен ұштастыру;
- оқушылардың қызығушылығы мен мүмкіндіктерін ескере отырып жеке кәсіби бағыт-бағдар картасын әзірлеу;
- педагог мамандардың кәсіби бағдар беру құзыреттілігін арттыру үшін арнайы курстар ұйымдастыру.

Жалпы алғанда, кәсіби бағдар беру жұмыстары тек білім беру мазмұнының бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар зияты зақымдалған оқушылардың өмір сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік маңызы зор үрдіс болып табылады.

Эмпирикалық зерттеу нәтижесінде бірнеше маңызды тұжырым жасалды:

Оқушылардың кәсіби мотивациясы жоғары, бірақ бағдары анық емес. Олардың басым бөлігі жұмыс істегісі келеді, бірақ жартысына жуығы нақты мамандықты таңдауда қиналады. Олардың қызығушылықтары негізінен қолданбалы және шығармашылық салаларға бағытталған.

Ата-аналардың қолдауы жоғары, бірақ мектеппен байланыс әлсіз. Ата-аналар балаларының кәсіби білім алуын толықтай қолдайды, алайда олардың үштен бірі мектептегі профориентациялық жұмыстар туралы жеткілікті ақпараттандырылмаған. Бұл — жүйелі қолдау көрсетудегі басты кедергі.

Осылайша, зерттеудің негізгі қорытындысы: зияты зақымдалған оқушыларға арналған кәсіби бағдар берудің тиімді моделі тек оқушының жеке қызығушылығына негізделіп қана қоймай, мектеп пен отбасы арасындағы жүйелі коммуникация мен серіктестікті қамтамасыз ететін нақты механизмдерді талап етеді.

Осыған байланысты келесі ұсыныстар әзірленді:

- арнайы мектептерде кәсіби бағдар беру мазмұнын оқушылардың анықталған қызығушылықтарына (қолөнер, сервис, IT негіздері) сәйкес қайта қарау және бейімдеу;
- еңбекке баулу сабақтарын жергілікті колледждермен және кәсіпорындармен серіктестік орнату арқылы практикамен ұштастыру;
- оқушының қызығушылығы мен мүмкіндіктерін ескеретін жеке кәсіби бағыт-бағдар картасын әзірлеу;
- педагогтардың кәсіби бағдар беру құзыреттілігін арттыру үшін арнайы курстар ұйымдастыру.

Бұл жұмыс зияты зақымдалған оқушылардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік маңызы зор үдерістің бір бөлігі болып табылады.

*Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде BR24993150 «Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бейім алды даярлауға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» тақырыбында жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша жазылған.*

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. Москва: Издательство Юрайт, 2025.
2. Коржова Г.М. История и тенденции развития трудового обучения аномальных детей в Казахстане, диссертация – Алма-ата, 1989
3. Тұрсынова М.Е. Арнайы мектеп оқушыларының кәсіби бағдар беру жүйесін жетілдіру мәселелері. Қазақ білімінің қазіргі мәселелері. – 2022. - №5. - 90-98.

4. Парамонова Л.Г., Лопухина Н.А. Методы и формы профессионального обучения учащихся с интеллектуальными нарушениями. Москва: 2005.
5. Baer H., Welker K., Cox C. Work performance and support needs analysis of students with intellectual disabilities // *Journal of Vocational Rehabilitation*. - 2021. - №55 (3). - 335-344. <https://doi.org/10.3233/jvr-211167>
6. Hartati P., Hermanto H. Analysis of career potential based on holland's theory to prepare graduates among students with intellectual disabilities. *Al-Ishlah Jurnal Pendidikan*. – 2024. - №16 (2). <https://doi.org/10.35445/alishlah.v16i2.4558>
7. Fisher L. Agency through partnership in neurodiverse college learning communities // *International Journal for Students as Partners*. – 2021. - №5 (2). - 14-27. <https://doi.org/10.15173/ijasp.v5i2.4398>
8. Neubert D., Moon M. Postsecondary settings and transition services for students with intellectual disabilities: models and research // *Focus on Exceptional Children*. - 2006. №39(4). <https://doi.org/10.17161/foec.v39i4.6873>
9. Phelps L. McCarty T. Student assessment practices. *Career Development for Exceptional Individuals* – 1984. - №7 (1). - 30-38. <https://doi.org/10.1177/088572888400700104>
10. Papay C., Griffin M. Developing inclusive college opportunities for students with intellectual and developmental disabilities. *Research and Practice for Persons With Severe Disabilities*. – 2013. - №38 (2). - 110-116. <https://doi.org/10.2511/027494813807714546>
11. Carter E., Trainor A., Ditchman N., Swedeen B., Owens L. Community-based summer work experiences of adolescents with high-incidence disabilities// *The Journal of Special Education*. - 2009. - №45 (2)ю - 89-103. <https://doi.org/10.1177/0022466909353204>
12. Frimpong Y., Kwakye O. Transition programs available for students with intellectual disability towards community integration in ghana // *International Journal of Research and Innovation in Social Science*ю – 2021. - №5 (08). - 322-331. <https://doi.org/10.47772/ijriss.2021.5822>
13. Marlina I., Supriyadi A. The use of drill method in improving the ability to brush teeth self-help for students with intellectual disabilities. *Jassi Anakku*. - 2021. - №21 (2). - 151-160. <https://doi.org/10.17509/jassi.v21i2.39520>
14. Maryanti R. Assessment of mathematical abilities of students with intellectual disabilities during the covid-19 pandemic // *Indonesian Journal of Community and Special Needs Education*. – 2021. - №1(2). - 47-52. <https://doi.org/10.17509/ijcsne.v1i2.33402>
15. Ерғалиева Т.М. Зияты зақымдалған балаларды еңбекке баулу жолдары // *Психология және педагогика*. – 2017. - №1. - 33-39.
16. Сарсенова Д.С. Психолого-педагогическая поддержка обучающихся с интеллектуальными нарушениями в процессе профессионального самоопределения // *Вестник педагогики*. – 2018. – №4 (6). - 56-62.
17. Айдарбекова А.А. Организационные основы профессионально-трудовой подготовки детей и подростков с особыми образовательными потребностями. 2016

References:

1. Vygotsky L.S. «*Voprosy detskoj psikhologii*». Moskva: Izdatel'stvo Yurayt, 2025.
2. Korzhova G.M. *Istoriya i tendentsii razvitiya trudovogo obucheniya anomal'nykh detey v Kazakhstane, dissertatsiya* – Alma-Ata, 1989.
3. Tursynova M.E. *Arnayy mektep oqushylarynyñ kásibi bağdar beru jüyesin jetildiru mäseleri. Qazaq biliminiñ qazirgi mäselleri*. – 2022. - №5. - 90–98.
4. Paramonova L.G., Lopukhina N.A. *Metody i formy professional'nogo obucheniya uchaschikhysya s intellektual'nymi narusheniyami*. Moskva: 2005.
5. Baer H., Welker K., Cox C. Work performance and support needs analysis of students with intellectual disabilities//*Journal of Vocational Rehabilitation*. – 2021. – №55 (3). – 335–344. <https://doi.org/10.3233/jvr-211167>
6. Hartati P., Hermanto H. Analysis of career potential based on Holland's theory to prepare graduates among students with intellectual disabilities. *Al-Ishlah Jurnal Pendidikan*. – 2024. – №16 (2). <https://doi.org/10.35445/alishlah.v16i2.4558>
7. Fisher L. Agency through partnership in neurodiverse college learning communities // *International Journal for Students as Partners*. – 2021. – №5 (2). – 14–27. <https://doi.org/10.15173/ijasp.v5i2.4398>
8. Neubert D., Moon M. Postsecondary settings and transition services for students with intellectual disabilities: models and research // *Focus on Exceptional Children*. – 2006. – №39 (4). <https://doi.org/10.17161/foec.v39i4.6873>
9. Phelps L., McCarty T. Student assessment practices. *Career Development for Exceptional Individuals*. – 1984. – №7 (1). – 30–38. <https://doi.org/10.1177/088572888400700104>
10. Papay C., Griffin M. Developing inclusive college opportunities for students with intellectual and developmental disabilities. *Research and Practice for Persons With Severe Disabilities*. – 2013. – №38 (2). – 110–116. <https://doi.org/10.2511/027494813807714546>
11. Carter E., Trainor A., Ditchman N., Swedeen B., Owens L. Community-based summer work experiences of adolescents with high-incidence disabilities // *The Journal of Special Education*. – 2009. – №45 (2). – 89–103. <https://doi.org/10.1177/0022466909353204>
12. Frimpong Y., Kwakye O. Transition programs available for students with intellectual disability towards community integration in Ghana // *International Journal of Research and Innovation in Social Science*. – 2021. – №5 (08). – 322–331. <https://doi.org/10.47772/ijriss.2021.5822>

13. Marlina I., Supriyadi A. The use of drill method in improving the ability to brush teeth self-help for students with intellectual disabilities. *Jassi Anakku*. – 2021. – №21 (2). – 151–160. <https://doi.org/10.17509/jassi.v21i2.39520>

14. Maryanti R. Assessment of mathematical abilities of students with intellectual disabilities during the COVID-19 pandemic // *Indonesian Journal of Community and Special Needs Education*. – 2021. – №1 (2). – 47–52. <https://doi.org/10.17509/ijcsne.v1i2.33402>

15. Erǵalievа T.M. Ziyati zaqymdalǵan balalardy eńbekke baulu joldary // *Psikhologiya jáne pedagogika*. – 2017. – №1. – 33–39.

16. Sarsenova D.S. Psikhologo-pedagogicheskaya podderzhka obuchayushchikhsya s intellektual'nymi narusheniyami v protsesse professional'nogo samoopredeleniya // *Vestnik pedagogiki*. – 2018. – №4 (6). – 56–62.

17. Aydarbekova A.A. Organizatsionnye osnovy professional'no-trudovoy podgotovki detey i podrostkov s osobymi obrazovatel'nymi potrebnostryami. – 2016.

МРНТИ 14.35.05

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.87.3.035>

Ж.Т.Ижсанов,<sup>1\*</sup> Н.Төлегенұлы,<sup>1</sup> А.Маршалхан,<sup>2</sup>  
Б.Баймуханбетов,<sup>3</sup> Т.Есимғалиева<sup>4</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>3</sup> Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қ., Қазақстан

<sup>4</sup> Қазақ спорт және туризм академия, Алматы қ., Қазақстан

## ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУТБОЛ ОЙНАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада орта мектеп оқушыларының футбол ойнау дағдыларын дамытудың педагогикалық және психологиялық ерекшеліктері айтылады. Орта мектеп оқушыларына футболдағы мақсатты білім беру процесі арқылы оқушы тұлғасына тәрбиелік әсер ету жайы қарастырылады. Футболдағы тәрбие жұмысын әртүрлі сабақтан тыс форматтармен байланыстырудың бірегей білім беру мүмкіндігі туралы баяндалады. Мұндай қосымша жұмыстар мектептегі дене шынықтыру және спорттық іс-шараларға, дербестікке және белсенді оқушы қауымын дайындауға жан-жақты қызығушылықты дамытуға ықпал ететіндігі негізге алынады. Сондай-ақ, оқушыларды футбол ойнауға үйретудегі дриблинг техникасының маңызы мен түрлері талданады. Сабақтан тыс ұйымдастырылатын «Футбол сабақтарының» артықшылықтары мен кемшіліктері беріледі. Мақаланың атауына сай, орта мектеп оқушыларының футбол дағдыларын дамыту ерекшеліктеріне тиімді оқу бағдарламаларын жасау, есте сақтау қабілеті, жадының дамуы және когнитивті процестер сияқты ерекшеліктерді беруде тәрбие әдістері мен тәсілдерін әзірлеу, оқытудың оңтайлы мазмұнын қарастыру, жас ойыншылардың даму мүмкіндіктерін ескеру, табыс тәжірибесін қамтитын оқытуға жұмыс жасау және оқытудың озық үлгілерін пайдалануды жатқызуға болады.

Эмпирикалық бөлімде «Футбол дағдыларын үйрету бағдарламасы» орта мектеп оқушыларына арналған бағдарламаның мазмұны ұсынылады. Анықтау және бақылау кезеңдеріндегі бірқатар әдістер сипатталады.

**Түйін сөздер:** спорттық педагогика, орта мектеп оқушылары, футбол ойнау дағдысы, дриблинг техникасы, көш-басшылық.